

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес
отырысының №2 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

26.12.2025 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: саны-7 адам. Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2026 жылға қаржыны жоспарлау іс-шараларын бақылау.
2. Қайырымдылық және демеушілік жұмыстар туралы ақпарат.
3. Жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету
4. Қауіпсіздік шараларының орындалуы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Бекешова Диана күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2026 жылы қызмет, жұмыс, тауарларды мемлекеттік сатып алуды веб порталға жылдық жоспарды орналастыру туралы мәселе қозғалды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 –V «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 5 бабы, 2 тармағына сәйкес 5 жұмыс күн ішінде орналасытыру қажет. Мекемеге бөлінетін қаржы мемлекеттік тапсырыс бойынша бала саны 75 жобалық қуатпен беріледі. «Қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу туралы» бұйрығына сай, педагогтер мен қызметкерлердің айлық ақысы қайта жаңа тарифтік жүйемен есептеліп, жаңартылған. Балабақшаға көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар көлемі анықталып, алдағы 2026 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік веб порталына жарияланып, жеңімпаздары анықталып, олармен 1 жылға келісім шарт жасайтын болады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы қайырымдылық және демеушілік жұмыстардың жүргізілу барысы туралы ақпарат берді. Есеп барысында 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында балабақшаға демеушілер тарапынан материалдық көмек көрсетілді. Көрсетілген көмек есебінен ойыншықтар алынды. Дербек есеп шотқа қосымша қаржы түспегендігін атап өтті. Сонымен қатар, барлық демеушілік және қайырымдылық көмектер ерікті түрде жүзеге асырылғаны, заң талаптарына сәйкес рәсімделгені атап өтілді.

Балабақша әдіскері Г.Избамбетова Қамқоршылық кеңес отырысында жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру жоспары туралы ақпарат берді. Ақпарат барысында: Жаңа жылдық ертеңгіліктердің өткізілу мерзімі мен сценарийлері таныстырылды. Топ бөлмелерін мерекелік безендіру, сахналық киімдер дайындау, музыкалық сүйемелдеу мәселелері қарастырылды. Балаларға арналған сыйлықтарды ұйымдастыру жолдары талқыланды. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерге ерекше назар аудару

қажеттігі айтылды. Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық талаптарды сақтау міндеттері ескертілді. Ата-аналар комитетінің өкілдері мерекелік іс-шараларды өткізуге қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді. Атап айтқанда: Мерекелік безендіруге көмек көрсету; Сыйлықтарды дайындауға ұйымдастырушылық қолдау көрсету; Фото және бейнетүсірілім жұмыстарын ұйымдастыру; Қайырымдылық негізде әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға сыйлықтар ұсыну. Барлық қолдау шаралары ерікті негізде жүзеге асырылатыны атап өтілді.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе қауіпсіздік шараларының орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы қауіпсіздік шараларының орындалу барысы туралы есеп берді. Есеп барысында төмендегі мәселелер қамтылды: Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, эвакуациялық шығу жолдарының ашықтығы және өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы; Электр қауіпсіздігі және техникалық құралдардың дұрыс пайдаланылуы; Бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеуі және ғимаратқа кіру-шығу тәртібі; Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ішкі бақылау жұмыстары; Ас блогындағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы; Қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтардың уақытылы жүргізілуі; Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында өткізілген оқу-жаттығулар. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — балабақша қызметінің басым бағыты екені атап өтілді.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қаржылық ашықтық пен есептілік тұрақты қамтамасыз етілсін.
2. Демеушілік қаражаттың мақсатты жұмсалуды Қамқоршылық кеңесінің бақылауында болсын.
3. Ата-аналар тарапынан көрсетілетін қолдау ерікті түрде ұйымдастырылсын.
4. Балабақшадағы қауіпсіздік шараларының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:



О.Альмуратова
Н.Уразғалиева